




*Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал*



1959 жылы туған. Көкшетау университетінің қазақ тілі және әдебиеті факультетін бітірген. «Зобалаң», «Күн тұтылған мезгіл», «Естемес би», «Сүлеймен қарақишы», «Қараман қарақишы», «Дүрбелең» сияқты романдар мен хикаялардың авторы. Әңгімелері мен түрлі тақырыптағы мақалалары республикалық басылымдарда жарияланып тұрады.

Момбек ӘБДӘКІМУЛЫ

## АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ

Өткен тарих дөңгелегін ешкім кері қайтара алмайды және оған ешкімнің өктемдігі жүрмейді. Уақыт еншісінде қалған оқиғалардың шынайы болмысын басқа қалыпқа салып, жасанды пердемен тұмшалаудың қазір уақыты өткен. Кешегі кеңес кезінде халқымыздың барлық тарихы біржақты идеология бағытында жазылғаны соншалық, бағзы бабаларымыздың ерлікке толы күрес шежіресі басқаша сипатталып, қазақ тек мал баққан, төңірегіндегі жұрттардан ылғи жеңіліс тапқан, өз күшін сыртқы жауға емес, өзара кектескен қақтығыстарға жұмсаған, кейін орыстың арқасында ғана көзі ашылып, ел қатарына қосылған деген сарындағы өлшемге сайды. Бір өкініштісі – өткен ғасырдың ортасында ғұмыр кешкен ұлттық интеллигенция осындай тұжырымды мойындауға мәжбүр болды... Осының кесірінен қазақ өз ұлтын жамандауға көшті. Бірақ ылғи тепкі көрген, жеңіліс тапқан, үнемі өз ішінен жауласқан «қорқақ казак», «іші тар казак» қалайша және қандай жолмен осыншама ұланғайыр далаға иелік етіп қалды деген қисынға ден қоюға, оның себеп-салдарын талдауға аз санды ғалымдар болмаса, ұлы отарлық идеялармен санасы уланған басым көпшілік бұған бас ауыртқылары да келмеді. Сол саясат ұлттар достығына зиян келтіреді деген жасанды желеумен XVIII-ші ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырлардың бірінші жартысы аралығында жаға жыртысқан қазақ-қырғыз, сондай-ақ, оңтүстік қазақтарына басып кіріп, оларды 55 жыл бойы езгілеп билеген қоқан-сарт басқыншылығын айттырмай келген-ді. Дегенмен, бұл бір себеп қана. Аталмыш жаулықтардың көпшілікке мәлім болмай жүрген екінші себебі – оңтүстік қазақтарының өткен тарихының көп зерттелінбеуі. Солай болғанмен де кейінгі кездері бұл тарапта қалам тартушылар әр-әр жерден шығып жатыр. Біздің бүгінгі осы мақаламыз да әзіргі жұрттың көпшілігіне мәлім емес, өткен замандарда болған, іске асқан шынайы тарихтың бір парасын баяндауға арналмақ. Иә, баста айтқанымыздай, тарихқа ешкімнің үстемдігі жүрмеуге тиіс, әрі ол, мейлінше шынайы зерттелмегі,

болған күйінде жазылмағы ләзім. Соған орай ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда бір-бірін аямай шапқан қазақ-қырғыз қақтығысын – кезінде жазбаларға түсіп, мұрағаттарда сақталған, сонымен бірге ел ішінде шежірелік жүйемен айтылып жүрген мұралар мен әпсаналар негізінде рет-ретімен әңгімелесек дейміз.

Қазақ тарихында «Әу баста қазақ-қырғыз бір тудың астына бірігіп, Алаш ұранын көтеріп, қалмаққа қарсы бірлесіп күрес жүргізген. Одан қалса, «ауылы аралас, қойы қоралас» дегендей, төскейде малы, төсекте басы қосылып, жұбы жазылмас ағайынды жұрт қатарлы күн кешкен» деген дерек жиі келтіріледі. Бірақ мұндай тұжырым – ұзақ-сонар тарих көшінде бастары біресе қосылып, біресе қосылмай, кейде ортақ жауға бірге аттанған, ал кейде керісінше, өзара жау болып, үздіксіз шабысқан екі халықтың белгілі бір кезеңдерде мәжбүрлі-мәжбүрсіз түрде жасасқан қарым-қатынасының кейбір көріністерін сипаттау ғана. Десек те, қырғыз қазаққа тілімен де, тіршілік тынысымен де етене жақын болып келетін, ХҮІІІ ғасырдың орта тұсына дейін Алаш баласымен тату-тәтті тұрған, арғы тегі тамырлас халық. Бұл екеуі де бір Түркінің тармағы. Ерте дәуірде екеуі де Алтай бойы мен Енисей (Енесай) төңірегін жайлаған. Замана екпінімен аталған өңірлерден ауған бұрынғы қазақ тайпалары сияқты қырғыздар да дәуіріміздің Х ғасырында түп мекендерінен көтеріле көшіп, Тәңіртаудың (Тянь-Шань) етегіндегі Ыстықкөл жағасы мен Шу өзенінің басына келіп орныққан. Бұлар Жетісудағы Үйсіндер тәрізді Х-ХІІ ғасырларда Қарахан қағанатына, одан соң Шыңғыс шапқыншылығына дейін Батыс лиау патшалығына бағынды. Кейін Шағатай ұлысына қарады. 1348 жылы бұл өңірде Шағатай ұлысы ыдыраған кезде қазіргі Жетісу, Оңтүстік Қазақстан, Ферғана, Қашғар өңірлеріндегі ру-тайпалармен қоса, жаңадан пайда болған Моғолстан хандығының қол астына өтті. Алғашқыда ол хандыққа Шағатай ұрпақтары хан болғанымен, іс жүзінде бар билік Жетісу (сол кезде Маңғылай Сүбе аймағы аталған) өңірінің Дулаттарының қолында болады. Ханды



өз дегеніне көндіріп, бар билікті қолына алған Камараддин Дулати 1371-72 жылдары Моғолстанға шабуыл жасаған Әмір Темірге қарсы лайықты әскер жасақтап, оған айтарлықтай тойтарыс береді. Тарихта қазақ пен қырғыз руларының бірлесіп жауға шабуыл алғаш рет осы соғыста іске асқан. XIV ғасырдың аяғында Камараддин қайтыс болған соң Моғолстан билігі қайтадан Шағатай әулеттерінің қолына көшеді де, осы аймақтағы барлық қазақ-қырғыз рулары оларға басыбайлы болады. 1508 жылы Жетісудағы қазақ, Тәңіртау етегіндегі қырғыз руларының басшылары бас көтеріп, Моғолстан билеушілерін Қашқария жаққа ысырып тастайды. Бұл – екі халықтың бірлесіп, ұйымдасқан түрде жауға шапқан екінші оқиғасы. Дәл осы жылы оң қанат және сол қанат (оңтүстік, солтүстік) боп бөлінетін барлық қырғыз тайпаларын біріктірген Тағай би (біркелі тарихи деректерде оны Мұхамед қырғыз деп те атайды) өз елінің солтүстік тарапындағы Ыстықкөл маңын орталық етіп, халқын жеке хандыққа ұйыстырады. Ал Жетісу қазақтары Қасым хан билеген Қазақ Ордасының құрамына енеді.

Жетісу мен қырғыз жерінен қуылған Моғолстан билеушілері арасынан Шағатай ұрпағы Сұлтан Саид хан көсем шығып Тәңіртаудың арғы бетіндегі Қашқария жерінде жаңа Моғолстан мемлекетін құрады. Олар 1517 жылы қырғыз жеріне шабуылдап, зор жеңіске жетеді, Тағай биді тұтқынға алып кетеді. Қашқарияға келген соң жазадан қашып, қалайда еркіндікке шығуды ойлаған Тағай би «барлық қырғыздар бұдан былай Моғолстан хандығына тәуелді болады» деп Сұлтан Саидтың алдында уәде етеді. Оның жалған уәдесіне малданған моғолстандықтар 1518 жылы оған бостандық береді. Өз еліне амансау жеткен Тағай би қазақ ханы Қасымға жаушы шаптырып, Моғолстанға бірлесіп шабу туралы ұсыныс айтады. (Тағай тұтқыннан оралғанда оңтүстік қырғыздары, яғни осы күнгі Өзбекстан еліне таяу Нарын бойындағы, Алай тауларының солтүстік бетіндегі қырғыздар оған қосылмай қойған). Бұл кезде Қасым хан Қазақ Ордасының батыс шегін нығайту мақсатымен Жайық бойында жүргендіктен, Тайырдың ұсынысына бірден қолдау көрсете қоймапты. Бәлкім Қазақ Ордасының оңтүстік-шығыс шекарасын біржолата қауіпсіз етіп тастауды үнемі ойлаған, сол үшін де Жетісудың шығысында тұрған қатерлі жау – Моғолстанды бір тұқыртуды есінде ылғи ұстаған Қасым хан дәл сол мезетте Сұлтан Саид секілді күші мол, азулы ханмен болатын шайқасқа үлкен дайындық керектігін жоспарлап, оны кейінге ысырған да болар, кім білсін, әйтеуір бір анығы, Қасым өз ғұмырында Тағаймен қосылып, жорыққа аттанбаған. Есесіне, Қасым қайтыс болған 1520 жылы қазаққа хан атанған Момыш Тағаймен бірлесіп, Сұлтан Саидпен екі мәрте соғысқаны, осы шайқастың соңғысында Момыштың қазаға ұшырағаны хақында тарихи мәліметтер бар.

Момыштың орнын басқан Тайыр хан да Тағайға жәрдемдесіп, 1524-25 жылдары моғолдармен бірнеше рет ұрысқа түседі. Алайда бұл шайқастар

итжығыспен өтеді. Өздеріне шын пейілмен көмек көрсеткен Тайырды Ыстықкөл маңындағы солтүстік қырғыздары бір ғана қазақ ханы емес, өз хандары деп те мойындайды. (Осы тұста бір айта кететін жәйт, кейбір тарихшылар қазаққа Тайырдан кейін хан болған Тоғымды (билік құрған уақыты 1533-37 жылдар), Бұйдашты (1537-56), Хакназарды (1560-80), Шығайды (1580-82), Тәуекелді (1583-98), Есімді (1598-1643), Салқам Жәңгірді (1643-52), тіпті әр Тәукені де (1680-1715) қазақпен қатар қырғызға да хан болған деп көрсетеді. Мұндай тұжырым – шегіне жетіп зерттелінбеген шикі еңбектің жемісі. Өйткені аталған хандар өздерінің хандық дәуірлерінің белгілі бір кезеңдерінде болмаса, биліктерінің барлық уақытында екі халыққа бірдей тұрақты түрде хан болмаған. XVI-XVIII ғасырлар аралығында қырғыздар бастарына күн туғанда немесе түрлі саяси себептерге байланысты үш Арыстың баласының жәрдеміне мұқтаж болғандықтан ғана, әр-әр кезеңдерде айтулы қазақ хандарына уақытша бағыныштығын білдіріп, оларды өз ханымыз деп атаған, таныған. Осындай кіріптарлыққа қырғыздардың солтүстік бөлігінің (Піспек, Ыстықкөл айналасындағы, Шу, Талас, Ақсу басындағы) қауымы ғана түскен. Осылардың өздері былайғы уақыттарда қазаққа сырт қараған. Ал Манас ұрпағының оңтүстік тарапы мұндай кіріптарлық пен бағыныстықтан мүлде шет қалған. Осыған ден қойсақ, жоғарыда аталған хандар екі халыққа бірдей хан болды делінетін дерекке – тек шартты ұғым ретінде ғана қарауымызға тура келеді).

Тайыр мен Тағай қолдарымен қанша соғысса да жеңіске жете алмаған Моғолстан хандары Жетісуды да, қырғыз жерін де қайта басып алудан күдерлерін үзбейді. Тайырдан кейін қазақ тағына отырған Тоғым хан кезінде Әбдірашид билеген моғолдар Бұқар-өзбек ханы Үбайдолламен келісім жасасып, қазақ-қырғызды біржолата тұқырту мақсатымен – бірі 30 мыңдық шерікпен Мәуреннахр жақтан, бірі 33 мыңдық қолмен Шығыс Түркістан тараптан шеру тартып аттанады. Самсыған екі қол Ыстықкөлдің шығыс бетіндегі Сантас деген жерде қосылады. Бұдан дер кезінде құлақтанса да, уақыттың тарлығынан тиісті әскер санын жинай алмаған Тоғым өзінің тоғыз ұлы бастаған 16 мыңдық жасағымен, қартайса да аттан түспеген Тағай және оның Сақы, Бақы деген екі баласы бастаған қырғыздың 15 мыңдық аламандарына қосылып, күші мен саны өздерінен екі есе көп жаумен Сантаста бетпе-бет келеді. Бұл соғыс 1537 жылдың 27 шілдесіндегі жұма күнінің таң азанында басталған. Күн ұясына қонғанша жалғасқан осы шайқаста қазақ-қырғыз қолы хан-басшыларымен қоса, түгелімен қырылады. Бұл қырғыннан кейін моғол мен өзбек хандары Жетісуды иелене алмағанымен, қырғыз жерін бауырларына қайта басады. 1560 жылдардың аяғында қазақ жұртын кемел күшіне келтірген Хакназар хан қырғыз жерін моғолдардан тазартып, басқыншыларды Тәңіртаудың аржағына ысырып тастайды. Осыдан кейін олар қазақ-қырғызға жау болудан қалады.



Міне, осы Хақназар бастаған ұлы жорық біз тарихын көтеріп отырған екі халықтың қарқынды һәм ұйымдасқан түрде күшті жауды бірігіп шапқан ең соңғы үлкен аттанысы болды. Бұдан кейінгі тарихта аталып отырған қос халық дәл мұндай орасан күшпен, жанкешті қарқынмен жауға бірлесіп аттанбаған. Рас, кейінгі замандарда қалмақтар қазақ-қырғыз жеріне лек-лек әскер жіберіп, басып алып зобалаң тудырғанда, соңынан олардың беттерін қайтарғанда қырғыздың кейбір ұсақ жасақтары кей-кейде қазақтармен бірлескен. Сөйтіп мұндай бірлесулерде қырғыздар жағы біз жоғарыда келтірген жорықтарға қатысқан ата-бабаларындай белсенділік танытпаған және көп қол қоса алмаған. Қазіргі тілмен айтқанда, әр шақтарда тек белгілі бір ынталы топтар ғана қазақ жасақтарына көмек беріп отырған да, қалғандары дұшпандармен көбіне өз беттерінше соғысқан. Біздің белгілі деген тарихшыларымыз қазақ-қырғыз жоңғарға қарсы бірігіп күрескен деген жалпылама мәліметті бергенімен, қай жылғы, қай жердегі, қай соғыста екі халықтың батыр-бағландары қосылып, дүрбін-ойратты қиратты деген сауалға нақты жауап бере алмайтыны да сондықтан. Тіпті қырғыз тарихшыларының өздері осынау шапқыншылық кезінде қазақ-қырғыз біріккен қолдарының қалмаққа қаншалықты бірлесіп шапқаны жөніндегі деректерге келгенде, нақты мәліметтер таппай, кібірткітей беретіндері бар.

Әуелде дүрбін-ойраттар (қалмақтар) қазақ-қырғыз даласына қаншама рет шабуыл жасаса да, басып алған жерлерінде тұрақтап отырмайтын. Мың-мыңдаған малдарды олжалап, лек-лек тұтқындарды айдап, кіре-кіре дүние-мүліктерді артып, қайтып кетуші еді. 1681-ші, тауық жылы қазақ пен қалмақ арасындағы екі жүз жылдық соғыстың жаңа кезеңі басталады. Қалмақтар енді қазақ жерін шабуылдап, мал-мүлік олжалап кетуді емес, басып алған жерлерді біржолата немдену саясатын жүргізеді. 1684 жылғы атакты Сайрам соғысынан кейін олар Жетісу жерімен бірге қырғыздардың солтүстік өлкесін түгелімен иемденіп алады. 1718-23 жылдары қазақ-қалмақ шекарасы Шу өзені-тұғын. Ал “ақтабан шұбырынды” кезеңіндегі шабуылдан соң жоңғарлар Шудан Ташкентке, арғы жағы Тойтөбе, Піскентке дейінгі жерлерді иеленіп, бұл тарапқа өз ата мекендеріндей орныға бастады. Аталмыш өңірлерде олар 1745 жылға дейін үстемдік жүргізіп, орнығып, билеп-төстеді.

«Ақтабан шұбырынды» кезінде Шу, Талас, Балқаш бойы мен Қаратау, Түлкібас етегін жайлаған рулардың тоз-тозы шығып, Арқа мен Сырға қарай жосылса, Ыстықкөл маңындағы қырғыздар шығысындағы таулардан асып, шатқал-құздар түбін қоныс етті. Кейбір үлкен топтар оңтүстік тараптағы ағайындарына барып қосылды. Дегенмен аталмыш зобалаң уақытында қазіргі Қазақстан жерінде бірде-бір қазақ, Алатаудың бергі етегінде бірде-бір қырғыз қалмай, бәрі бірдей ауып кетті деуден аулақпыз. Тұтқиылдан жасалынған жау шабуылынан дер кезінде қашып үлгере алмаған қаншама қазақ-қырғыз ру-тайпаларының өкілдері ата

жұрттарында қалып қойды. Олар қашан бостандыққа жеткенше дұшпан бодандығына көніп, алым-салық төлеп тұрды, малайлыққа жүрді.

Алайда атақоныстан айырылып, жат жерге ауып барған қазақ қарап жатпады. Әр тараптан әскер құрып, жоңғарға дүркін-дүркін шабуылға шығып отырды. Осындай тайталасты кезеңде дүрбін-ойраттар басып алған жерлерінде мол әскер ұстап тұруға мүмкіншіліктері болмады. Олардың әскерінің бір бөлігі Шығыс-Түркістан жақта Цин (Қытай) патшалығымен соғысып жатса, екінші бөлігі қазақтарға қарсы тұруға мәжбүр болды. Бұл кезде бір кездері Алаш баласымен көрші тұрған, жақсы қарым-қатынаста болған қырғыздардың Алатаудан асып, Ферғана аймағына жеткен үлкен тобы қазақпен қарым-қатынасын мүлде үзген-ді. Тап осы уақытта ілкі заманнан Ферғана мен Ташкент аймағына жақын қоныстанған, қалмақ тепкісін мүлде көрмеген оңтүстік қырғыздарының кейбір билері бірте-бірте күшейіп келе жатқан Қоқан хандығының бектерімен, бір бөлігі Оңтүстік Қазақстанды билеп тұрған қалмақ тайшыларымен жақындаса бастаған-ды. 17 жасында Бұқардағы жоғарғы дін медресесін бітірген, өзбек, қазақ, араб, пұштун тілдерін терең меңгерген, әрі Ташкент, Ходжент, Ферғана уәлаяттарындағы халықтардың, әсіресе қазақтардың ХҮІІ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басына дейінгі тарихын кестелеп жазған, Орта Азия Мемлекеттік университетіне түсуге үш рет талап қылса да, «діншіл» деген айыппен қабылданбай қойған, 1928 жылы 35 жасында Шыршықта әлдекімдер у беріп өлтірген, өз кезінде қызыл өкіметтің оқымыстылары тарапынан тарихшы деп танылмаса да, біз үшін аса құнды мәліметтер қалдырған Асат Сапиевтің «Ходжент уәлаяты: қазақтар һәм тәжіктер» атты кітабындағы «Исақ дамулладан қалған сөз» тарауында Ташкент төңірегіндегі қалмақ пен қырғыздың ара қатынасы туралы бірқатар қызықты уақиғалар баян етіледі. Сонда біздің бүгінгі тақырыбымызға байланысты мынадай бір сөйлемдер бар: «...Осындай жақындастықтың арқасында Ташкент түбіндегі Шатқал тау қыратының Шымған жотасы етегін жайлаған қырғыздардың моңол руынан шыққан Көкім деген би ойраттың Ташкент аймағындағы билеушісі Сары Мәнжі деген тайшымен қатты достасты. Екеуінің арасындағы достықтың нығайғаны сондай, Сары Мәнжі Көкімді ылғи қазақтар тұратын Піскент аймағының билеушісі етіп тағайындайды. Көкім қазақтарға ойраттар тәрізді тым көп залымдық жасады. Тіпті кейінгі заманда қазақ пен қырғыздың ұзақ уақыт жанжалдасып, жүздеген, мыңдаған кісі өліміне ұласқан соғысына тап осы Көкімнің қылығы мен өлімі себеп болды...»

Асат Сапиевтің осы жазбалары ақиқат тарихи фактілерге сай екенін мақаламыздың төменгі жолдарында айталатын басқа деректер де растайды. Ал қазір Көкімнің неліктен өлгені және қазақ-қырғыз жанжалының басы неден туындағаны хақындағы нақты мәліметтерге оралайық.



Бүкіл Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанды иеленген жонғарлар ары қарай Арал, Ырғыз, Ұлытау, Торғай төңірегін, тіпті барлық қазақ даласын басып алуды жоспарлағаны анық. Жонғарды осындай мақсатқа жеткізе алмай, 1727 жылы өмірден өткен Сыбан Раптанның орнын басқан Қалдан Серен бұл жоспарды іске асырмақ ниетпен 1739 жыл аяқталып, қыс бастала берген уақытта Арқаға қарай қайта шабуыл бастайды. 1740 жылдың ақпан айында оған Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан жеріндегі қалмақтардан 20 мыңдық шерік құрап алған Лама Доржы көмекке ұмтылады. Ташкент аймағының билеушісі Сары Мәнжі де өзіне қарасты әскерді алып, Лама Доржыға қосылуға аттанады. Аттанып бара жатып, Піскенттен шұғыл түрде Көкімді шақыртып, оған Ташкент билігін тапсырады. Бұл уақиғаны А.Сапиев жоғарыдағы жазбасында былай деп суреттейді: «Мен Балқаш сыртындағы, Ұлытау маңайындағы тәңір атқыр қазақтарды қырып салғасын, қайта ораламын. Сен, Көкім, Ташкентті мықтап күзет. Сенің құзырыңа үш мыңдай қалмақ-қырғыз қолын қалдырамын. Айналадағы малшы, жалшы қазақтар мен сарттар құтырса, аямай бастарын шауып таста. Сен бұдан былай ойрат елінің өкілісің. Ойрат қылышынан қорықпайтын адам болмауы тиіс. Қазаққа қылышыңды қанша шапсаң да сауап, – деді Сары Мәнжі Көкімге».

Бірақ осылай деп көкіген Сары Мәнжіні де, билікке жетіп, кекірейген Көкімді де тәңірлері қолдамады. Сары Мәнжі Балқаш бойындағы соғыста өледі де, Көкім Ташкент ұлысбегі лауазымын жарты жыл да атқара алмай, Дулаттың жанысынан шыққан Бәйтік бидің қолынан қаза табады. Оқиға былай болған-ды: 1738 жылы Жолбарыс хан басқарған ұлы жүз сарбаздары Ташкентті қалмақтардан екінші рет тартып алады. Сары Мәнжі қашып барып, Шымқала түбіндегі Қышқана қорғанына тығылады. Ұлы жүздің ханы Жолбарыс жаныстан шыққан қолбасшы Төлени Ташкентке би тағайындайды. Өзі де сонда тұрақтайды. Алайда, артынша Жолбарыс осындағы сарттардың қолынан мерт болады. Арада бір жыл өтпей, Тараз жақтан қосымша күш алдырған Сары Мәнжі 1739 жылдың жазына салым Ташкентті қайта басып (бұл – қалмақтардың Ташкентті үшінші қайтара басыуы), қазақтарды шаһардан қуып шығады. Осы соғыста қырғыз Көкім Сары Мәнжіге жақтасып, Төле би бастаған қосындарды қиратуға көп күш жұмсайды. Көкімнің осындай достығын Сары Мәнжі ұмытсын ба? Осыдан ғой, оны өз орнына шаһар билігіне уақытша болса да тағайындағаны.

Сары Мәнжі әскерімен соғысқа аттанып кеткен соң, Көкім қала маңындағы Қыбырайтөбедегі жаныстардың басшысы, өз көңіліне жақын тартып жүрген Бәйтік биді шаһарға шақырып, сарай даруғалығына бекітеді. Ондағы ойы – айналадағы қазақтарды Бәйтік арқылы тыныштандырып отыру еді. Бірақ қазақ аламандарына қарсы күресте қалмақтарға болысып, озбыр істерге көп барған Көкімге Бәйтіктің ішіне бүккен кегі қатты-тын: 1740 жылы саратан (мамыр) айында Көкімнің

тамағына у қосып, оны өлтіреді де «әйтеуір, бір кегім қайтты» деп, қаладан қашып шығады.

А.Сапиевтің жоғарыда аталған еңбегінде «Шунгиоғлы (Шүнгіұлы) Қарабәйтіктің Көкімнің палау салынған табағына у сеуіп жатқанын ауқатханадағы бір күн көріп қойыпты» деп жазылған. Мейлі, кім көрсе де, оған Бәйтіктің у бергені шындық. Ол өлгенде оған жақтас қырғыздар мен қалмақ шеріктері бүкіл шаһарды аяғынан тік тұрғызып, Бәйтікті іздейді және сол алашапқында бірталай жазықсыз қазақтарды найзаға іліп, қылышқа салады. «Өршеленген қалмақ-қырғыз шеріктері үрейлері ұшып, айқайлап қашқан қазақтардың қатын-еректеріне қараған жоқ, қолдары жеткендердің барлығының бастарын шапты» (Аталған еңбек, 51-бет).

Ол аз болғандай, Көкім өлігінен соң Бұршімолда, Шатқал, Азық тауларының етегінде шоғыр-шоғыр айыл болып отырған қырғыздар да атқа қонып, бергі пәстегі – Шыршық жағасы мен Тойтөбе, Піскент төңірегінде орналасқан қазақ мекендерін шауып, ұлардай шулатады. Найза көтеруге жарайтын еркек кіндіктінің бәрі батырларға ілесіп, алыста жүргесін, тапа-тал түсте ауыл үстіне ат ойнақтатқан Көкімге жақтас жасақтарға кемпір-шал мен бала-шаға қылар айла таба алмай, таяқтан өлгені өліп, бастары жарылып, көзі шыққандары еңіреп қала береді. 1740 жылдың аяғында Балқаш пен Сарыарқа жерінде сегіз ай бойы жүргізілген соғыста қазақтармен итжығыс түскен қалмақтардың көп қолы Ташкентке қайта оралған соң қырғыздар бұрынғыдан бетер құтырады. Содан 1745 жылға дейін Ташкент пен оның өңірі қалмақтардан тазарғанша, оларға арқа сүйеген және Көкім кегін бір күнде естерінен шығармаған Шатқал мен Өгем тауларының арасындағы қырғыздар етектегі қазақ ауылдарының адамдарын қырып, одан қалса, малдарын ашық күйде барымталап, түп-тура бес жыл бойы тыныштығын алады. Міне, қазақ пен қырғыз арасындағы алғашқы жаулық осылайша басталған.

Ташкент айналасынан қалмақтар кетпей тұрып, осылай басталған қазақ-қырғыз жанжалы келешектегі үлкен қақтығысқа ұласқан майданның тек бастамасы ғана еді. Алда екі елдің ең белсенді де айтулы тұлғалары араласқан, бірінің дегеніне бірі көнбей біраз жыл бойы өзара қырқысқан, ақыры қазақ ханы Абылайдың араласуымен ғана әзер шешілген ауқымды һәм түйінді мәселелер тұрды.

XVII-XVIII ғасырлардағы Ташкент маңайының тарихын зерттеуші өзбек және тәжік тарихшыларының еңбектерінде қазақ тарапынан қырғыздарға алғаш қарсы шығып, күрес бастаған Бердіқожа батыр болғаны көрсетіледі. Мәселен, Сапиев өз шығармасында оны Чанишкелу Бердықа баһадүр деп жазады. Тәжік тарихшылары Чанышқал Бирдиқож деп көрсеткен. Мейлі, кім қалай жазса да, оның Шанышқылы Бердіқожа екені даусыз. Оның ата тегі – Қатаған-Шанышқылының Дархан тармағына жатады. Бердіқожа Әнгрэн өзені жағасындағы Қатой деген жерде туылған. «...Жастайынан батыр болыпты.



Қалмақтар Ташкенге келгенде қазақ қолдарын бастап, қатты соғысады. Кейін қазақ жерінің түпкіріне кетіп қалады. Қалмақтарға болысқан қырғыздар қазақтарға тиіп, тыныштық бермей жүрген уақытта Сырдарияның төменгі жағынан бір топ әскермен үш мәрте келіп, Шыршық басындағы қырғыз айылдарын, ойрат қосындарын шабады. Қырғыздар мен ойраттардың дала қосынындағы аламандары қашып, Ташкент пен Қыбырай қорғанында отырған қалмақ әскеріне паналапты. Ләкин Бердіқожа кеткесін, әлгі қашқандар қорғаннан шығып, қазақтарға тағы тиіпті) ( Сапиев жазбасы, 53-бет.).

Өзбектер мен тәжіктер Бердіқожаның қырғыздарға қарсы жорығын осы сипатта баяндайды. Сірә, бұл баяндау ескілікті шежірелік әңгімеден алынған болса керек. Алайда датасы аталмағанымен әлгі әңгіменің түбінде тұнып тұрған шындық бар. Бердіқожаның Ташкент маңының тумасы екені рас. Жоңғар әскері бұл жерді жаулап алғанда, қол бастап, батыр атанған. Содан кейін Арқа, Балқаш, Сарысу өңірлерінде басқа батырлармен қосылып, құба қалмаққа қарсы шайқасқан. 1738 жылы Ташкентті қазақтар екінші рет қайта басып алғанда, осы соғыстың бел ортасында жүрген. Бәйтік Көкімді өлтіріп, Арқаға қашып барғанда Сарысу бойында мың қолды басқарып жүрген Бердіқожаны тауып алады. Бәйтік сонда Ташкенттегі қырғыздардың қазаққа жасаған қысастығын айтады. Содан Бердіқожа үш мәрте Сыр бойын жағалап, Ташкентті айналып келіп, Бегабад жақтан Шатқал, Шымған тауларының етегіндегі қалмақ-қырғыздарды шауып кетеді.

Бердіқожаның Ташкент айнасындағы мықты да жақсы қаруланған тұрақты ғаскері бар қалмақ-қырғызға тосыннан үш рет шауып, дереу кейін шегініп кететін жылдам шапқыны 1740 жылдардың басында болса керек. Өйткені атақты батырлар бастаған үлкен топ 1745 жылы Ташкентті ойраттардан біржолата тазартқан. Ал 1746 жылдың басында Әбілмәмбет хан Қаракеңгірдің Сарысуға құяр сағасында хан кеңесін өткізгенде оған Сырдың орта тұсынан Наурызбай, Ханкелді, Бердіқожа, Тілеуке, Шінет, т.б. батырлар ұлы жүз қолдарын бастап, қауымдасқан күйі барады. Кеңесте Абылай сұлтан бүкіл қазақ қолының бас сардары болып бекітіледі. Абылай үш түмен қолды екі майданға бөліп, әскердің сол қанатын Бердіқожаның басқаруына береді. Осыдан кейін бір жылдай тынымсыз күрес жүргізген Алаш жауынгерлері Іленің он жақ капталы мен Алакөл арасын, Жетісу жерінің Нарынқолға дейінгі өңірін жаудан тазартады. Демек, оның жаңағы жазбада айтылатын Ташкент маңындағы қалмақ-қырғызға шабуылы 1741-1742 жылдары іске асқан.

Қазақ-қырғыз шежіре жазбаларында да, мұрағатты құжаттарда да екі бауырлас елдің жағаласуының алғашқы себебі – Бәйтіктің Көкімге у беріп өлтірген шатағынан басталған деп көрсетіледі. Одан кейін Бәйтік есімі түк аталмайды да, қазақ-қырғыз арасындағы ұзақ уақытқа созылған шабыстың басында Бердіқожа

батырдың аты тұрады. Ол әу баста Ташкентте қырғыздар қолынан мерт болған қазақтардың құнын даулап, соғыс бастаған. Қырғыздардың ондағы әрекеті белгілі-тін – Көкімнің өлігі үшін кек қайтарған. Ол кездегі ел басқарған билер мен батырлардың ұстанымдары мен көзқарастары бойынша, екі жұрт арасындағы дау құнмен өлшенген. Шаһардағы қалмақ тайшыларының кеңесімен қырғыздар Көкімнің өлімі бірнеше жүздеген қазақтың өлім құнына тең деп, қазақ сөз ұстағандарының уәждерін пысқырмай, ұлы жүз бен орта жүздің қаншама өкілдерін қырып салған. Сөз бен уәжге дес бермей, қырғынға барған қырғыздармен Бердіқожа батыр мен оның айналасындағылар “қанға – қан” деген қағиданы басшылыққа алып, жауласуға кіріскен.

Дегенмен Көкімнің өліміне «кек қайтарамыз» деген желеумен қазаққа жау болған қырғыздардың әрекеті – ұзақ уақыт қантөгіске барысқан екі елдің жанжалына бір себеп қана. Ол кезде оңтүстік аймақ, солтүстік аймақ деп екі тарапқа бөлінген қырғыздардың барлығы тау арасын жайлайтын. Уақыт өте, олар мал жайылымы мен егіс егуге, сондай-ақ кең тынысты өмір сүру үшін байтақ алапты, кең жазиралы далада қоныстану керектігін ұғынады. Ол үшін қалмақ шапқыншылығынан біржолата азат етілген, сонымен қатар босап қалған қазақ даласының бірқатар өңірлерін иемденіп алуға ниеттенеді. Сөйтіп, атам заманнан қазақ жері боп келе жатқан алапқа ауыз салады. Анықтап айтқанда, Ферғана жазығының солтүстік-шығысы мен Шатқал тауларының шығыс бетінде тұратын Адығын, Тағай, Мұңқыш бірлестіктеріне жататын рулары Ташкент пен Шымкенттің шығыс, оңтүстік аймақтары мен Түлкібас, Қаратау етегіндегі жазық беткейлерді, ал Ыстықкөл жақтағы сары, құсшы сияқты ірі тайпалар бастаған рулары Алматының іргесін, Іленің Балқашқа құятын тұсының сол жағын, осы күнгі Жамбыл облысының Алатау бетке қарайтын аудандары орналасқан өңірлерге еге боп қалуға ұмтылады. Содан сары мен құсшының көсемдері бастаған қырғыздар аталған жерлерді иемденіп қалу үшін «бұл аймақтар бұрынғы біздің жеріміз» деп етекке түсе бастайды. Түскенде жай түспейді, қазаққа найза көтеріп, қылыш сілтеп, ат ойнақтатып түседі. Тау етегін жайлаған Ұлы жүз бен Орта жүздің рулары оларға өз жерін тегіннен тегін бере қойсын ба? Екі ел қалмақ соғысы кезіндегідей 30-40 мың қол шығарып соғысатындай үлкен майданға түспесе де, жер дауы, құн дауы үшін арты бітіспестей ірілі-ұсақты шайқастың алдында тұрады. Осымен қазақ-қырғыз жауласуының екінші тарихи себебі туындайды.

Осы жаулықтың болмысына біздің кейбір тарихшыларымызбен қатар, қырғыз шежірешілері мен жазбагерлері де көбірек ден қойып, бірталай хатқа түскен мұралар қалдырған. Мысалы, тау арасы жұртының атақты шежірешісі Алымбет Ақылбекұлының “Қырғыз руларының чығышы”, Б.Солтоноевтің “Қызыл қырғыз тарихы”, С.Закировтың “Қырғыз санжырасы”,



Т.Чорокегин, К.Молдокасымовтың “Қырғыздардың байырғы заманнан тартып, бүгінгі күнге шейінгі тарихы”, С.Аттокуровтың “Қырғыздар ХҮШ-қылымда” сияқты еңбектері мен өзіміздің Мәшһүр Жүсіп пен М.Тынышбаевтың көне деректерге қатысты шығармаларында, сондай-ақ Ү.Бүркітбаева, А.Махаева сынды жазушы, ғалымдарымыздың, сонымен қатар Ф.Киреев, Г.Супруненко, Т.Андреев тәрізді орыс ориенталистерінің зерттеу мақалаларында аталмыш соғыс жайында көптеген мағлұматтар мен нақты деректер келтіріледі. Бір ескертетін нәрсе, қырғыздың бұрынғы һәм кейінгі жазбагерлері аталмыш қақтығысқа себеп болған – жер таласы мәселесін сөз еткенде қазақтың байырғы аймақтарының көбісін Манас ұрпақтарының көне иелігі еді деп көрсетеді. Және олар көбіне Шу, Талас, Әулиеата, Алматы төңірегінде болған қырқыстарды ғана жазбалайды.

Ташкент қаласындағы ӨРҒА Шығыстану институтының қолжазбалар қорында Мұхамед Салық Ташкандидің қазақ-қырғыз ұрысы жөнінде жазған екі-үш беттік еңбегі сақталған. ХҮШ-ХІХ ғасырлардағы Ташкент пен оның айналасындағы тарихи уақиғаларды нақты баяндайтын осы автордың сол еңбегінде «Ойрат Ташканның китқанда шоһорды қазақтың Тула нәмді (есімді) бегі күзүрға олды. Ул, уа Бердиқож, уа Шинит (Шинет), уа Кожомжор, уа Қойкәлдә болышып, Шатқал қырғызлорман кәтта соғыш-дүр, Қырғызлор қозоқ иерин алмақ болдулар. Ләкин қозоқлар һәмма қырғызды женди-дүр. Шунда иам қырғызлор соғыша беришкән... Бу соғыш Тула үйилип (өліп) Кожомжор бек уақтисинда иам иалғасти. ...Шудан иктасы (екеуі) Иунскожо дауранында да, Қоқон хони дауранында да соғыша берип-дүр. Қоқон хондори хәр уақта қырғызлорға иакташқон...» деген жолдар бар.

Ғылыми жазбаларға біршама түскен қазақ-қырғыздың Алматы, Жамбыл облыстары жерінде өткен шайқастарын айтудың алдында оның Ташкент пен Шымкент айналасында қалай өріс алғанын баян етейік. Жоғарыда аталған еңбек пен өзбек тарихшылары жазған мәліметтерге сүйенсек, бұл маңда қос халықтың алғашқы үлкен шайқасы 1748 жылы күзде Шыршықтың жоғарғы басындағы Шымған тауының етегінде болыпты. Жергілікті рулардан жиналған екі мыңдық қазақ қолын Бердіқожа, қырғыздың топ-топ аламандарын барғы руының батыры Шонық басқарыпты. Қазақтардың айбынынан қатты жасқанған Шонық ұрыс алдында Бердіқожаға: «Біздің ерегісіміз жер дауынан ғой. Одан да ұрыспай келісейік те» дейді. «Шартың қандай?» дейді Бердіқожа. «Қазақтарда жер көп қой. Қырғызға Шыршық бастауынан Тәшкенге дейін һәм Піскент пен Әңгіреннің бойындағы, Өгемнің күнбатыс бетіндегі Қазығұрттың, Сайрамсу мен Қасқасудың екі жағындағы, Бадамның Шымкентке құдлайтын ортасына шейінгі жерлерді берсеңдер болды, біз сендермен талас-тартысымызды тамам тыямыз», – дейді Шонық. «Ей, қоқи қырғыз, – дейді

сонда Бердіқожа. – Ташкеннен қалмақтар қуылғанмен сен айтқан жерлерде олар әлі шоғыр-шоғыр боп отыр ғой. Олармен араласып қазақтар да отыр. (Ескерту: Шымкент, Сайрам, Түлкібас жерлерінен ойраттар 1749 жылы қуылған). Бұл жерлерге қалмақтың артын жалап қоныстанып алған соң, осындағы ағайындарымды қырғаның аздай, ондағы бауырластарымды да жайпап салмақсың ба?!» Сонда Шонық оның сөзін бөліп: «Қалмақтан қазір күш кеткен. Жаңағы жерлерде шоғыр-шоғыр отырған оларды өзім-ақ бір пасте жайпап саламын. Ал қазақтарға тиіспеймін. Қаласа, Тәшкенге келсін, қаласа, Қаратау асып кетсін. Сен, тек менің айтқанымға уағда беріп, екі ел арасындағы қантөгісті болдырмауға сеп тигізең жетеді. Әйтпесе ұрыс жалғаса береді. Өйткені қырғыз кең жерге, көсілген жайлауға қол жеткізбейінше, ұрысын тыймайды», – дейді. «Ата-бабамның әлімсақ жерін саған беріп, мені құдай ұрды дейсің бе? Ата қонысыма көлденең көк атыңды тартып келіп, жер сұрап тұрған ұрынды жат неме, бүгін сенің белінді сындырайын, одан соң Шымкентті басып отырған қалмағыңа кезек келер», – деп ашуланған Бердіқожа қылышын оңтайлап, Шоныққа тұра шабады.

Осы шайқаста Шонықпен қатар қырғыздың бірсыпыра батырлары өледі. Сонымен бірге аламандарының жартысына жуығы қаза табады немесе қолға түседі. Қалғандары қашып, тау арасына кіріп кетеді.

Қырғыздар бұдан кейін де тыныштыққа қалмайды. Бердіқожадан жеңілгеніне қатты намыстанған әрі қалай да діндеген мақсаттарына жету үшін жиі-жиі қол құрап, қазақ ауылдарын талқандайды, малдарын барымталайды. 1749 жылдың көктемінде Бердіқожа әскерін бастап, Шымкент, Сайрам жақтағы қалмақтарды қууға аттанады. Осыны пайдаланған Адығын-Тағайлар Шатқалдағы дулат, сіргелі, қаңлы-шанышқылыларды түре қуып шығады. Бұл кезде бұрын қалмақтар Жетісу, Талас алабынан кетпей тұрған уақытта-ақ олармен тіл табысып, Алатаудың қазаққа қараған бетін, Шу өзенінің орта тұсын, Әулиеата айналасын, Үшалматы, Үшарал жерін, Іленің сол жағалауындағы Сарытауқұм жайлауын аракідік жайлап жүрген солтүстік қырғыздардың сарыбағыш, солты, саяқ, бұғы сияқты ірі тайпаларға жататын рулары жоңғарлардың әлсірей бастағанын сезіп, Ыстықкөл жағасындағы ағайындарымен сөз байласып, осындағы дүрбін-ойратты талқандап, аталмыш тараптарға орнығып алуды мұрат етеді. Расында, бұл уақытта бір кездері күндей күркіреген ойрат-дүрбіннен береке-бірлік қашқан, қуаты әлсіреген, әр ноян, әр батыры өз аулын ғана қарауылдап қалған, басқыншылыққа бұрынғыдай түп көтеріле бірлесіп шабуылдайтын ұйымшылдығынан айырылған еді. Сол себепті қырғыздар оларды аталған өлкелерден опонай ысырып, оңтүстіктегі батырлардың тепкісінен қашып барған қандастарымен қоса, Нарынқол, Кеген тұсқа айдап жібереді.

Қалмақтар кетіп қалған кезде қырғыздардың Солты



руының Арон батыры өзіне қарасты елімен Шудың төменгі тұсына, ал жоғарғы тұсына Қошой батырдың ұлы Жамансарт батыр жайғасады. Сусамыр мен Талас бойындағы үлкен қақпа өлкесін саяқ руының басшысы Арзыматтың Садыр батыры еншілейді.

Бұғы руының Тынай би, Садық би, Саяқ руынан Қашыке, Атаке, Бердіке батырлары Ыстыккөлдің Алматы жақ беткейіндегі Торайғыр асуының етегіне қоныстанады. Құсшы, Сары, Қытай рулары бұрынғы бабаларымыздың қонысы деп, батысы – Таластың орта тұсына, шығысы – Меркеден Үшалматы, Ыстықатаға, солтүстігі Сарытауқұмға дейін орын тебеді. Арада бірер ай өткенде бұлардың барлығы қазақ жеріне тағы ішкерілей еніп, Қастек, Самсы, Әулиеата, Түймекент, Құрағаты, Шоқпар, Құлан төңірегін бауырларына басады. Яғни, қазіргі Алматы облысының батыс аудандарын, Жамбыл облысының Байзақ, Құлан, Мерке, Шу, Қордай аудандарының өте кең көлемдегі шығыс, оңтүстік жағына тұтастай емінеді. Осы әрекеттердің барлығы қырғыз батыр-билерінің өзара келісуімен іске асады. Бұл жайында 2006 жылы Бішкекте шыққан «Алымбектин санжырасы» атты кітапта егжей-тегжейлі баяндалады.

Қырғыздардың дйттеген жерлерді иемденіп қалуға асыққаны сондай, қазақтар қалмақтарды Шымкент, Сайрам маңынан енді қуып, ал Нарынқол, Кеген жақтан әлі ысырып үлгермей жатқан уақытта-ақ, яғни бір-ақ жылдың ішінде бұл аймақтарға қоныстанып үлгереді. Олардың баса-көктеп келуімен бұл жерде отырған қазақтардың өрісі тарылып, жайылымы кішірейеді. Қалмақтан әзер құтылып, соғыс пен ұрыстан әбден жүректері шайлыққан қазақтар әуелгіде оларға қарсы бас көтере қоймайды. Алайда, Солты мен Сарыбағыштың, Саяқ пен Сарының кейбір басбұзар барымташылары ұлы жүз бен орта жүз ауылдарын мекендерінен қуып, одан қалса, малдарын айдап кетіп, тыныштық бермейді. Қазақтың бас көтерлері жиналып: «бұларың қалай?» – десе, қарсы жақ: «Іленің ұзына бойын, Үшаралды босатып, Арқаға қарай көшіңдер! Ал Таластан Шымкентке дейінгі аралық бағзы заманнан біздің мекен болған. Өздерің кетпесеңдер, күшпен кетіреміз» деп қокан-лоққы жасайды. Қазақтар болса: «Сендердің айтып тұрғандарыңның бәрі көне Үйсін жері. Осы өңірлерді кеше қалмақ басқанда тау ішіне тығылып, үндерің шықпай қалып еді ғой. Талас пен Шымкент арасы атақоныстарың болса, неге сонда аттандап шықпадыңдар?!» – деп қарсы уәж келтіреді. Содан бірі қарсылық, бірі үстемдік қылып, келісе алмаған екі жақ сойылдасуға дейін барып, адам шығыны орын алады.

Өз дегендеріне қазақтардың көне қоймайтынын ұққан сарыбағыш биі Болатұлы Есенқұл және Талас аяғындағы Қапқа деген жерде отырған Саяқтың Қабасынан шыққан Садыр қырғыздың барлық батырларын жиып алып, қазақтарды Шымкенттен асырып қуып тастаймыз деп ұйғарым жасайды. Артынша көп қолмен аттанған ол, жолындағының бәрін жапырып-қырып, дегеніне қол жеткізеді

және Қаратаудың Шаянға асатын белі үстінен өз шекарасының белгісі ретінде ылғи тастан қаланған қорған салдырып, оған “қырғыз Садыр камалы” деп ат қояды. Оған қоса: “Қоқи, қазақ, енді сонау Жетісудан бастап, Қаратаудың осы шегіне һәм Шымкентке дейінгі жерден дәмеленбесін!” дейді әрі өзін «Қырғыздың ханымын!» деп жарияға жар салады. Бұл уақиға Алаш қаһармандарының барлығы қалмақты әлі Жетісу, Аякөзден қуу жолында шайқасқа түсіп жатқан 1749 жылдың жазында болған.

Садырдың бұл қылығына назаланған жергілікті жұрт Ташкенттегі Ұлы жүз биі Төлеге арыз айтып барады. 1752 жылы Төле Балқаш жақта жүрген Бердіқожа батырды шақыртып, екеуі Талас жақтан арыз айтып келген қазақтарды ертіп, Қаратаудың батыс жақ етегіне ордасын тігіп отырған Абылай сұлтанға барады. Бұ уақытта Абылай әлі хан болмаса да, бар Алашқа сөзі жүретін сұлтанға айналған екен. Келушілердің арызын тыңдап болғасын ол: “Бір жағым – қокан, бір жағым – қытай, бір жағым – орыс анталап тұрғанда, азырақ қырғызға қызықпай қоя тұрсақ деп едім. Қазақ-қырғыз бір ұрық едік. Қайбір жылы Ташкенде кек қуалаған Бәйтiк Көкiмге у берiп, содан арамыз бұзылып, оның аяғын ала қалмақ қайта келген. Қалмақтан жаңа құтылып отырғанда, қырғызға қарсы соғысайық деп отырсыңдар. Қокан, қытай, орыс үшеуінің бірі алда-жалда бізге қол салса, бұрыннан бір тұқымды боз үйлінің баласы едік, бір көмегі тиер еді” дейді. Төле би Абылайдың сөзіне жығылады. Ал, Бердіқожа мен Жәпек батырлар оны тыңдамай, Орта жүздегі Найманды билеп отырған Көкжал Барак сұлтанға барады. Барак Бердіқожаның айтқанын мақұл көріп, Арғын-Найманнан төрт мың қол бөледі. 1754 жылы Бердіқожа мен Жәпек өз қарамандағы мың қаралы қолды оларға қосып, Есенқұлға қарсы аттанады.

Бұл хабарды шолғыншы арқылы біліп отырған қырғыздың бас биі Есенқұл – Қашыке, Кебек, Бөлекбай билерді шақырып, қазақтардың қол құрып жатқанын айтып, даяр тұралық дейді. Бұл уақытта Көкжал Барак пен Бердіқожа бастаған үйсін-арғындар Қастектен асып, Боралдайдағы Қашыке батырдың ауылына қол түсіреді. Даяр тұрған Солты, Сарыбағыштар атқа қонып, қарсы атой салады. Есенқұлға Шу бойынан көп әскермен келген Садыр қосылады. Күндізгі соғыста екі тарап та жеңіске жете алмайды. Кешке қазақтар түнемелікке қонғанда тың күшпен толыққан Есенқұл қолы оларды қапыда басып, быт-шыт қылады. Сөйтіп түнгі шабуылдан қазақтар жағы жеңіліп, Барак, Жәпек, Қаумен, Жайсаң батырлар өледі. Ертесіне Садыр қырылған қазақтардың бастарын кесіп алып, бір басты бір шымға қосып қалап, “Кәлләмұнара” тұрғызады... Сөйтіп ол: «Көкжал Баракты алдым, жалғыз көзді Қаракты алдым» деп мақтаныпты (мұнда Садыр Қарак деп, Қабанбай батырдың інісі – Қаракүрсақты айтқан).

Осы жеңіске масаттанған Садыр бұрынғыдан да құтырынып, бір жыл өткенде Созақ пен Шолаққорған





жактагы Коңыраттарды, Наймандарды, Келес, Қазығұрт маңындағы Дулат-Сіргелілерді, шауып, көп адамдарды тұтқындап, есепсіз қыз-келіншектермен бірге қисапсыз мал-мүлік айдап кетеді. Садыр бұл аймақтарды шауып жатқанда Бердікожа қолынан ажал тапқан баяғы Шонық батырдың баласы Ережеп Шымған тауынан 600-дей аламанмен түсіп, Шыршық мен Қаржантау бөктеріндегі Алаш руларын қанға бөктіреді. Есенкүл болса, Іле бойындағы ұлы жүз руларын қуып, өзеннің оң жағына асырып жібереді. Бұл қақтығыстардан кейін, нақтысы, 1759 жылы Барактың ұлдары Ханбаба мен Әбілпейіз Шатқал һәм Ферғана шегіндегі қырғыздарға тиіп, топаландарын шығарады.

1760 жылдары қазақ-қырғыз арасындағы шиеленіске Қытай үкіметі де араласып, екі елге “тату тұрындар” деген ниетпен елшілер жіберген. Соған қарамастан, 1764 жылға қарай Қытаймен шекаралас өңірді жайлаған ұлы жүз бен орта жүз қазақтары Қытайға қараған Шығыс Түркістан қырғыздарының үш рет шабуылына ұшырайды. Оған тойтарыс беру үшін Абылай сұлтан Әбілмәмбет ханның ұйғарымымен өзіне қарайтын рулардан қол жиып, жорыққа дайындала бастайды. Мұны естіген Шығыс Түркістан қырғыздары дереу Қытай үкіметінен өздерін Абылай шабуылынан құтқаруды өтінеді. Қытайлар Абылайға елші жіберіп, шығыс түркістандықтардың жіберген қателіктерін кешіруді қатты өтініп, һәм олардың бұдан былай мұндай қатыгездікке бармайтындарына сендіріп, шабысты тоқтатады.

1765 жылы оңтүстіктегі қырғыздар Қокан билеушісі Елдана бимен бірігіп, Ташкентті қазақтардан тартып алмаққа кіріседі. Бұл уақытта Ташкент Төле бидің кенже ұлы Қожамжардың иелігінде тұғын. Мұны естіген Абылай Түркістан бегі Балдыбек төреге Қожамжарға болысып, әскери көмек беруін сұрап, жаушы жібереді. Балдыбек Абылай өтінішіне құлақ аспай, Абылайдың хатын елшілердің көзінше жыртып тастайды және Түркістан ендігі уақытта қазақ билеушілеріне бағынбай, дербес уаляятқа айналатынын мәлімдейді. Жаушылардың осы хабарынан соң Абылай күзгі мезгілде Түркістанға аттанады. Түркістандағы Балдыбекті тәубесіне келтіріп, келесі, яғни 1766 жылдың басында Ташкент айналасындағы Елдана бек пен қырғыздар қолын шабуға шеру тартады. Мұнда келсе, қокан-қырғыздың біріккен ғаскері Ташкент түбіндегі Піскент қорғанына тығылып алған екен. Абылай қорғаннан жан баласын шығармай, оны бір жарым ай қоршап жатады. Жағдай бұлай жалғаса берсе, өздерінің мүшкіл халге түсетінін ұққан қокан-қырғыздар Абылаймен келісімге келіп, бейбіт түрде Ферғанаға шегінеді.

Абылай Піскентті қоршап жатқан кезде өзімен бірге ілесіп келген Әбілпейіз сұлтанды Талас өзені бойындағы Қаработа деген би басқаратын қырғыздың қытай руын шауып келуге жұмсайды. Піскенттен қокан-қырғыз қолы кеткен соң өзі Шымған үстіндегі тынымсыз қырғыздарды жуасытып, Қаработа еліне

келеді. Келсе, Әбілпейіз сарбаздары Қаработаның елін талқандап, биді тұтқынға алып отыр екен. «Абылай Қаработаны босатады да, онымен «бұдан былай болайық» деп келісім жасайды және оның бір ұлын бас қылып, тоғыз адамды аманатқа алып, кері қайтады» (А.Махаева, «Шанышқылы Бердікожа батыр», 138-бет.).

1771 жылы күзге қарай Еділде жатқан жоңғар торғауыттары қытайлар қырып тастаған ойрат жұртына барып қоныстану үшін Далай Ламаның шақыртуымен қазақ жерін кесіп өтіп, шығысқа бет алады. Тарихта “Шанды жорық” деген атпен қалған осынау үдеріс, қазақ даласынан тыныш өтпей, жолындағысының бәрін жапырып жүреді. Алаш ұрығының қалмаққа деген кегі әлі басылмаған кез. Кіріптар күймен келе жатса да, жол-жөнекей соғыс сала, қырғын ұйымдастырып, алға жылжыған қалмақ-торғауыттың қылығын естіген қазақ батырлары дереу Балқаш бойына жиналып, жауды тосады. Мұнда да үлкен ұрыс болып, ол бірнеше айға созылады. Қазақ сарбаздары осы соғыста жүргенде, қырғыздар жағы құтырынып, оңтүстіктің біраз жерлеріне тағы ылаң салады. Ел ішінде ер-азаматтардың жоқтығын үнемі пайдаланып қалуды көздеп жүретін қырғыз батыры Есенкүл, Аркарлыда жайғасқан ботпай руының ауылдарын талқандап, жылқыларын айдап бара жатқанда мал мен жан үшін арпалысып, шайқасқа түскен Сәмен батырдың ұлы Ергеніш пен қызы Макпалды және бірнеше адамды өлтіріп кетеді. «Сол қайғылы жағдайды еске салатын: «Қайда батыр Жауғашты?! Ауылымызды жау басты! Ағайын деген қырғыздар, Жер мен малға жармасты. Сарыбағыштан құрықтай, Есенкүл деген албасты, Сәмен батыр жоқ кезде, Макпал қызбен қармасты... Сауыты жоқ, қалқансыз, Макпал ару мерт болды, Кек алу бізге серт болды...» деген жыр жолдары ел жадында қалған» (Ү.Бүркітбаева, «Шанышқылы Бердікожа батыр», 101-бет.).

1773 жылы Абылай қырғызға екінші жорығын бастайды. Бұл жолы да Шу, Талас бойындағы қырғыздарды шауып, оларды біраз уақытқа тыныштандырып қайтады. Бірақ бұдан кейінгі бес-алты жыл ішінде екі ел арасындағы ескі дау басылмай, барымта мен кезек-кезек шабуыл үдей түседі. Қазақтар жағынан Бердікожа бастаған батырлар реті келсе қырғыз айылдарының топалаңын шығарады. Қырғыздар жақтан Садыр, Үсен, Теке тәрізді қол бастаған батырлар да қарап жатпай, Қаратау, Шымкент, Билікөл, Үшалматы өңіріндегі Ұлы жүз бен Орта жүз тайпаларын қан қақсатады. Әсіресе, Садыр манап бір шапқан ауыл-шаһарларды үш-төрт мәрте шауып, Шымкент, Созақ, Шолаққорған қалаларын тағы қиратып, өртке орайды. (Бұл соғыстардың шынайы сипаты осы мақала авторының «Күн тұтылған мезгіл» атты романында кең түрде баяндалады). Мұндай бейбастыққа төзімдері таусылған қазақ билері мен батырлары жиналып, Арқада жатқан Абылайға барады. Садыр мен басқа



кыргыз би-манаптарының әбден тізесі батқанын айтып, атыс-шабысты тоқтатуды сұрайды.

Абылай ағайын кыргыз халқын және бір шабуға әуелде мақұл болмайды. Ру батырлары мен би-басшылары ақылдасып, Бұқар жырауға «Абылайды сен көндір» дейді. Сонда Бұқар Абылайға:

Ей, Абылай ханым,

Қыргыз көкжарлы Барақты алды,

Сарт пенен қазақты алды,

Шолаққорған, Созақты алды,

Енді сені алмағаны аз-ақ қалды!.. – дейді.

Абылай осыдан кейін ұшып тұрып, сырттағы үш жүздің игі жақсыларының алдына шығып: «Рас, сендер айтқан Садырдың қылығы айып, тыныш жатқан елге бүлік салған. Біздің батырлардікі де айып – жортуыл жасап, өздері барған. Мен «қой» дегеніммен, бәрібір қоймайсындар. Анау тұрған Бердіқожа да қоймайды. Мен кыргыз деп аттанбаймын, Садыр деп аттанамын! Аттанғанда үш үйден бір адам, екі адамға үш алыңдар. Екі адам бір биенің сүтін ішсін. Ат басына бір шідер, бір арқан алыңдар», – дейді.

Содан ол Байғозы, Бердіқожа, Жауғаш, Жарылқап сияқты батырлар бастаған бес мың қолды бастап, Сарысу бойымен келеді де, Созақ, Шолаққорған, Түркістан, Сайрам, Шымкент, Келес төңірегіндегі кейбір жерлерді иемденген кыргыздарды қуып, Ташкентке келеді. Ташкентте жатып, арадағы шатақты бейбіт жолмен шешуді ойлап, Шу, Талас, Ақсу, Қорағаты басындағы кыргыздарға елші жібереді. Өз кезегінде кыргыздың Есенқұл биі Жайыл, Кебек, Садыр секілді би-батырларымен келісе отырып, Жамансарттың сөз білетін жиырма бір жасар ұлы Тілеубердіні бас қылып, Ташкентке қырық елші жібереді. Келген елшілердің бір тобы Абылайға: “Садыр мені “хан” деп танысын деп айтты”, – дейді. Абылай үндемей қояды. Содан екі жақтың сөз ұстағандары “шатақтың басы сендерден басталған” деп бір-бірін айыптап ұзақ сөйлейді. Бір кезде бағанадан бері үндемей тұрған жас Тілеуберді сөйлейді. Ол шатақтың басы Бәйтік Көкімге у беріп өлтіргенінен басталған деп, ұзақ уақыттан бергі кикілжіңді саралап, аяғын Бердіқожа мен Садырдың тірлігіне әкеп тірейді. Содан қазақ пен кыргыздың ежелден дос, бауырлас халық екенін айта келіп: «Құдайдың жеріне таласып, бір-бірімізді қыра береміз бе, жоқ әлде, мәміле жасап тоқтасамыз ба?!» – дейді. Оның сөзі ойынан шыққанына разы болған Абылай: “Сендер Садырға айтындар. Бұдан былай елді шаппасын. Өзінің жеріне кетсін де, тынышталсын. Ал, біз Бердіқожаны қойдырайық”, – дейді.

Қыргыз елшілері осы сөзді құп көріп, өздерінің бас билері Есенқұл мен Жайылға Абылайдың сәлемін жеткізеді. Есенқұл “ендігәрі қазаққа тиіспесін” деп Кебекті Садырға жұмсайды. Садыр өзін ханмын деп кекірейіп тұрған кезі екен. Жаңағы сөзді естігенде: “Мені хан деп танымаған Абылайға көресіні көрсетем”, – деп шаптығады. Бұл – 1779 жылдың жазындағы уақиға.

Содан Абылай амалсыздан кыргыздарға қарай аттанады. Қыргыз шебіне келгенде екі елдің арасындағы шатақта тағы да бейбіт жолмен шешуді ойлап: «Әлі де болса жауласпайық, елдесейік!» деп, Садырды келісімге шақырып, Жауғашты жұмсайды. Садыр келіссөзге көнбейді. Абылай оны екінші мәрте жұмсайды. Садыр бұл жолы да қисық сөйлеп, Абылайдың намысына тиетін сөздер айтып, Жауғашты қайтарады. Осыдан соң қос халықтың жанжалын жөн сөзбен шешудің мүмкін еместігіне көзі жеткен Абылай, ұрысқа дайындалады. Қол астындағы алты мыңдық әскерін үш қанатқа бөлген ол, Бердіқожа бастаған қолды Садыр отырған Таласқа жібереді. Екінші қолды Қорағатының басындағы Солтыларға жібереді. Үшінші қолды Абылайдың өзі бастап, Жауғаш, Жарылқап батырлармен бірге Әулиеатаға келеді. Бердіқожа Садырды тырп еткізбей басып алады. Абылай Әулиеатаны оп-оңай бағындырып, екінші қол кеткен Солтыға қарай аттанады. Солтылар Қорағатының беліне бекініп алып, Момақан, Жайыл, Кебек билер мен Үсен, Теке, Итеке батырлары қазақтарға қатты қарсылық көрсетеді. Абылай келгесін, алапат оларды жеңіп, қарсыластың басты адамдарының бәрін тұтқынға алады. Осы алапат шайқаста екі жақтан мыңдаған адамдар өліп, қолға түскен Садыр, Жайыл, Үсен, Теке және басқа да кыргыз руларының бірқатар батыр-билері дарға асылады. Сондағы кыргыздардың ең көрнекті адамы хәм жасы үлкен биі Жайыл екен. Сондықтан да олардың бәрі жерленген мола «Жайыл мазары» аталады. Бұл жолғы соғыстың сұрапыл болғаны соншалық, ұрыс болған жер мен майдан даласы қазақ-кыргыз арасында «Жайыл қырғыны» деген атқа ие болған.

Қазақ-кыргыз шабысы аяқталған соң 1780 жылы екі елдің шекара мәселесі бойынша келіссөздер жүргізіледі. Қыргыздың XIX ғасырдағы шежірешісі Алымбектің жазуы бойынша, сонда Манас ұрпақтарының бас адамдары – Есенқұл би, Кебек би, Тума би, Қашыке батыр өзара ақылдаса келіп, Жамансартұлы Тілеубердіні тағы да Абылайға елшілікке жібермек болады. Соның алдында Абылайға не айту керектігін ақылдаспақ ниетпен Тілеубердіге Есенқұл: «Қазақтарға не керек екенін білесің бе?» – деп сұрайды. Тәлеуберді айтады: «Бұл жәйт белгілі емес пе. Қазақтың даулағаны – өзінің бұрынғы жері, қонысы. Бердіқожаның қалағаны – құн, мал», – дейді. Билер кыргыздардың қонысы қай жерлермен шектелуі керек?» деп сұрағанда, Тілеуберді: «Басы – Үшалматы, Сарытауқұм, Қызылқия, Сантас, аяғы – Бетегелі Қойтас, арға жағы – Қашқар, Үрімші», – деп, өз елінің шегін айтып береді. Бұған разы болған билер оның сапарына оң жол тілеп, шығарып салады.

Абылай онда Түркістанда екен. Тілеубердіні қабыл алып, бірден: “Жарастықтың шарты мынау: Таластың суы – су шек болсын, Ырғайтыға дейін қазаққа қалдырасың”, – дейді. Сонда Тілеуберді: “Сіз Таластың суы, Күйіктің белі, Кішібурыл, Шоңбурыл тұсы тау шек болып, арғы Қорағатыны жиектеп,



Түймекенттен Таластың суын кесіп өтіп, Әбілқайырды басып, Түгіскенге келіп, Ұланның ұршығын баса, Тескейге түсіп, Ырғайтыға дейін жетсін дейсіз. Менің бұған қосарым: бұл жерлерде қырғыздың қаны көп төгілгенін білесіз. Сондықтан шекара – Шоқпардан тартып, Ілеге барып, Сарытауқұмнан тоқталсын”, – дейді. “Ойбай-ау, бұл не деп тұр?!” – деп қазақтар жағы жапырлайды. Абылай Тілеубердіге қарап: “Қазақтар бізге не қалады” деп тұр ғой”, – дейді. Тілеуберді тағы шап етіп: “Тақсыр, қырғыздың азайып қалғаны – тау арасына кіргендігі мен жарымы Ферғана жаққа ауып кеткендігінен ғой. Күйіктің бөлі мен Бурылдан Бетегелі Қойтасқа дейін қанша жер? Одан тартып, Түймекенттен Таластың аяғы қанша жер? Ұланның ұршығы менен Шоқпардан бергі ылди қанша жер? Хан тауы, Байғара, Әулиеатаға дейін қанша жер? Іленің бас жағы қанша жер?” – дейді. Абылай Тілеубердінің сөзіне тоқтап, Таласқа дейінгі жерді иелігіне алады.

Осы бітімнен кейін қырғыздар Іле бойын, Шу мен Таластың орта тұсын қалдырып, көшіп кетеді. Сарытауқұм мен Шоқпар қазақтарға қалады. Сөйтіп қазақтар Алатаудан Ілеге, Күйіктің бас жағынан Қаратаудың өн бойы мен Шымкенттің таулы өңірін, ал қырғыздар Ыстық көлден Шудың басына дейінгі жерді алатын болып сөз байласады. Абылай бекіткен сол меже осы күнге дейін екі елдің шекарасы болып тұр.

Абылай өлген соң да ескі кекті қуған кейбір батырлар бәрібір тыным таппаған. Реті келсе, бір-бірін барымталап, шауып отырған. Екі елдің шежірелері мен кейбір мұрағаттық деректерде де Абылайдан соң қазақ-қырғыз шабысы әр-әр жерде ұзақ уақытқа созылғандығы жайынан хабар береді. Ұзақ жылға созылған осы қақтығыстың басты қаһарманы ретінде ауызша және жазбаша мағлұматтар да жиі аталатын Бердіқожа батыр өмірінің соңына дейін қырғыз барымташы-зорлықшыларымен күресіп өткен. Ақыры 1786 жылы солардың қолынан опасыздықпен өлтіріледі.

«Менде арман көп, себебі, қырғыз-қазақтың бірге туғанындай күнінде туылып, енді бір-бірімен жауласып, шілдің боғындай бытырап, енші алған күндерінде өмірден өтіп барамын», – деп қайғылы арманмен кеткен Төле бидің баласы, 1760-1484 жылдар аралығында Ташкентке ұлысбегілік атқарған Қожамжар би де өмірінің соңына дейін қырғыз-қоқан біріккен қолдарымен соғысумен болған. Бұл жайында өзбек, тәжік тарихшыларының жазбалары мен Ташкент мұрағатында көптеген мұралар сақталған. Сонымен бірге ХҮІІІ- ХІХ ғасырларда оңтүстік Қазақстан мен Ташкент өңірін мекендеген дулат, қаңлы, шанышқылы, қоңырат тайпалары туралы сыр шертетін шежіре-эпсаналарда да аталмыш мәселеге қатысты бірталай нұсқадағы әңгімелер айтылады. Сондай мәліметтерге ден қойсаңыз, қырғыз-қазақ жалпұылтық деңгейде болмаса да, рулық, кейбір басараздығы бар топтар арасындағы шауып кету, алып кету тәрізді оқиғалар – бергі Қоқан хандығы екі елді де басып алған уақытта

да тоқталмаған. Соған байланысты Алатау, Әулиеата, Қаратау, Түркістан, Арыс, Сыр өңірлеріндегі қазақ-қалмақ жауласуы дәуірінен кейінгі уақыттарда өмір сүрген қазақ батырларының аттары қырғыз бен қоқан басқыншыларына қарсы күресте көрсеткен ерліктері арқылы шыққан. Бұлардың қатарында шымыр Қаптанбек, Қожық, рамадан Ескелді, сіргелі Тайлақ пен Назар, қоңырат Алтай мен Жарылқап, шегір Ақпан, көкірек Биназар, батырлар бар. Қаптанбекті 1782 жылы, Ақпанды 1822 жылы, Тайлақ пен Назарды 1831 жылы, Пошан датқаны 1842 жылы қырғыздар өлтірген. Аталғандардан басқа да қырғыз басқыншыларының қолдарынан ажал құшқан қазақ қаһармандары көп. Ботбай Спатай мен шапырашты Сұраншы батырлар да қырғыз манаптарымен біресе жауласып, біресе достасып жүрген. Аяғы үнемі кісі өлімімен бітіп отыратын екі ел арасындағы қақтығыстар – қырғыздар Кенесары ханды өлтіргеннен кейін ғана тыйылған.

Біз осы мақаланы жазу барысында бірнеше кітаптар мен зерттеу еңбектерді парақтап, бірталай мұрағаттық мұраларды көз елегінен өткіздік. Солардың ішінде Талас, Шу бойындағы қазақ-қырғыз қақтығысын басқа жазбаларға қарағанда кеңірек және ашып жазған «Алымбектин санжырасына» көбірек ден қойдық. Әлбетте, кім болса да, өз халқының тарихын жазғанда өзіне тартып жазатыны бар. Алымбек қария Абылай заманында екі халықтың басынан өткен уақиғаларды жақсы баяндағанымен, бір тарауда көңілге еш қонбайтын мәліметтерді алға тартып кетеді. Мысалы, кітабының 86-бетінде қырғыздар «Жайыл қырғынына» дейін қазақтармен таласқан жерлерге Абылай өлген соң қайта келіп қоныстанды деген сарынды ой айтады. «Кейін екі елді де Қоқан ханы басып алғанда, қазақтар Ташкент құшбегісіне жалынып жүріп, Сарытауқұм мен Үшалматыны, Әулиеата мен Шоқпар, Байғараны, Түлкібас пен Талас-Шудың төменгі екі қапталын қайта сұрап алған. Құшбегінің арқасында қазақтар аталған жерлерге мықтап орныққан» дейді. Мейлі, Алымбек шатасты делік. Бірақ осы заманғы көзі ашық, өткен тарихты дұрыс біледі делінетін ғалымдарға не жок дерсің. Мәселен, тарих ғылымдарының кандидаты Т.Асанов деген қырғыз ғалымы өзінің «ХҮІІІ-ХІХ қылымдардағы қырғыз-қазақ чек ара мәселелери» атты мақаласында Алымбектің жаңағы қателігін тарихи ақиқат, талассыз факт, дәйекті мәлімет санайды. Ойын оқушының санасына сіңіп қаларлықтай шабытпен жазып, «шындығы сондай еді» деген ниетті бетке ұстап, «жаңалық» ашқандай көсіле лепіреді.

Осыны оқығанда, Алымбекты қайдам, Т.Асановты өз халқының тарихын терең білмейді екен деген шешімге келдім. Өйткені қоқандықтар қазақтарға емес, қырғыздарға бүйректерін көп бұрған. Бұған себеп Қоқанның ықпалды деген хандарының көпшілігі қырғыздармен туыстық қатынаста болған. 1770-1799 жылдары Қоқан бектігінің бегі болған әрі осы бектікті нығайтуға мол қажыр, өлшеусіз еңбек сіңірген, сонымен қатар Ташкент түбіндегі қазақтармен бірнеше мәрте соғыс жүргізіп, тауы шағылған



Нарботаның ең жақсы көретін әйелі қырғыздың адығын руының қызы-тұғын. Осы қыздың Момынбек және Ырысқұлбек атты екі ағасы Нарботаның уағында Қоқан бектігінің әскеріне басшылық еткен. 1822 жылы хан тағына Мәдәлі отырған кезде Жүсіп, Полат, Сатыбалды деген қырғыздар мыңбасылық шенге жетіп, хан сарайында ықпалды тұлғалардың қатарына кірген. Мәдәліден кейін хандықты кезегімен иеленген Шералы мен Құдиярдың балалық шақтары нағашылары – қырғыздардың арасында өткен. Екеуі де нағашыларының қолдауымен таққа жеткенде қырғыздан шыққан Сопбек, Сарымсақ, Сұлтанмұрат, Әлімбек, Атабек, Шәрібек сынды кісілер хандықтың ең жоғарғы лауазымды қызметтеріне қол жеткізді. Хандар бұлармен барлық мәселе бойынша кеңесіп отырды. Әлімбек даруға жазатайым қаза тапқанда оның Құрманжан атты әйеліне Құдияр шешесі Жарқынайымның айтуымен оған датқа лауазымын беріп, сарай істеріне араластырады.

Шералы хан сайланған 1842 жылы Шатқал, Талас, Нарын, Шу қырғыздары бірігіп, жеке хандық құру үшін үлкен жиын өткізеді. Екі күндік жиында тиісті мәселелерді шешіп болған соң қырғыздар сарыбағыш руынан Ормонды өздеріне хан сайлайды. Ол өз туыстары Жантай мен Қалықұлды хан уәзірлері етіп тағайындайды.

Бірақ бұл хандық қоқандықтардың қолында ойнаған «қуыршақ хандық» болды. Дегенмен Қоқан билігі қырғыз ханын ауыстырмады. Оған паруанашы деген атақ берді де, жыл сайын одан тиісті алым-салығын алып отырды һәм керек кезінде қазақтарға айдап салды. Ормонның ең үлкен бітірген тірлігі – Кенесарыны өлтірумен шектелді. Одан соң өз елінің ішіндегі тірліктермен басы қатып, ағайындарымен алысумен күн өткізді. 1854 жылы Бұғы руының адамдары оған қарсы бүлік шығарып, оны өлтірді. Оның өлімімен бірге XIX ғасырдың ортасында аз ғана уақыт өмір сүрген қырғыз хандығының да күні сөнді. Алайда қырғыз руларының басқа көсемдері Қоқан хандығы қашан құлағанша оған қызмет етті... Ия, осындай-осындай кептерді ескермей, «қоқандықтар қазақтарға қырғыздардан жер тартып әперді» деп артық кеткен Т.Асановтың пікірін қазақтар түгiлi сауатты қырғыздар да қолдай қоймас...

Біз кейде аталарымыздың бұрынғы көрші елдермен болған қақтығыстарын – ескі дауды қозғап, қазіргі халықтар достығы арасына іріткі салып аламыз деген желеумен, өткен тарихтың бетін тұмшалап, іске асқан нақты оқиғаларды айтудан, жазудан қашқақтаймыз. Сөйтіп, тарихтың өзі адамзатты небір дүрбелең заманның тезіне салып, қазір бір-бірің саналы пайыммен, кең парасатты өремен сыйлайтын өркениет заманына жеткізгенін естен шығарамыз. Өткен тарихтың бәрін қозғамасақ, біз бір кездері орыс-түрік, орыс-швед, орыс-неміс, қазақ-қалмақ, грек-парсы, ағылшын-француз, тағы қайсылары бар еді... әйтеуір, жер бетіндегі бір-бірімен соғысқан халықтардың барлығының бастан өткерген шайқастарын да

кітаптарға жазып, хатқа түсірмес едік қой. Ендеше, тарих деген сабақтың өзін болған күйінде жазсақ, оның еш сөкеттігі болмас, сірә.

Мен 1986 жылы «Естемес би» деген романыма мәліметтер іздеу мақсатында Қырғызстанның Тоқмақ қаласына бардым. Тоқмақта жасы 95 жастағы қазақша тап-таза сөйлейтін Мадияр деген қарияны кездестіріп, екі күн бойы әңгімелескенім бар-ды. Сонда сол қария: «Сен, балам, Кенесары ханды біздің аталарымыздың не себепті өлтіргенін білесің бе?» – деп сұраған-ды. Мен естігенімді, яғни, ақ патша ұлықтары қырғыз манаптарын айналдырып, қалайша Кенесарыны өлтіруге айрықша тапсырма бергендігін, осыдан келіп, оның өлтірілгендігін айттым. «Түк білмейді екенсің, – деп күлген Мадияр қарт. – Ол кезде орыс қайда, қырғыздың манаптары қайда? Сендерді тарихтан қалай оқытатынын білмеймін, бала кезімде мен сияқты шалдар бұл уақиғаны былай деп айтып отыратын: Кенесары орыстарды жеңе алмайтынын біліп, қатты күйініп жүрген кезінде Шыңжаңдағы найман-керейлер «бізге хан бол» деп оны шақыртыпты. Кенесары ол жаққа кету үшін Жаркент пен Алматының төңірегінде орыстар тұрғандықтан, қырғыз жері арқылы асуды ойлапты. Ол осындай оймен Қордайға жағындаған. Сөйтіп сол жердегі Рүстем төре мен Спатай батырға «мені қырғыз жері арқылы Шыңжаң жаққа өткізіп жіберіңдер» депті. Бірақ олар оның тілін алмапты. Баяғыда Абылай хан қырғыздарды Шу-Таластың бойынан, Құланның, Шоқпардан қуып, талай бабаларымызды қырған екен. Содан Абылайға деген кек ұзақ уақыт бойы аталарымыздың жүрегінде сақталып жүріпті. Кейін оның ұрпағы Кенесары Қытайға асып кетпек болып, Меркі-Қордайға келгенде біздің батырларымыз оны тосып алып, өлтіріп, Абылайда кеткен кегін қайтарыпты. Содан кейін қырғыздар қазақтарға тиіспейтін болған. Міне, айылдың ілгергі шалдардың әңгімесі осындай-ды», – деді.

Ол кезде бұл әңгімеге мән бермеген едім. Кейін қазақ-қырғыз қақтығысы туралы зерттей бастағанымда, сол әңгіме есіме түсіп, «Ойпырмай, ертеректе Мадияр шал айтқан сөздің түбінде бір шындық бар ма, қалай, өзі» деп ой кештім. Бірақ, кім біледі, бұл менің жеке басымдағы пендешілік ой ғана ғой...

Менің бүгінгі мақсатым – ХУІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ-қырғыз қақтығысының неден туындап, қалай аяқталғаны жайында шамамен келгенше оқырмандарға қысқаша мағлұмат беру еді. Қазір қазақ пен қырғыз өркениеттің биік сатысына жеткен азаматтар тұратын жеке-жеке тәуелсіз ел. Екі елдің азаматтары тарихты білуге құмартқанымен, қазір өткен күндердегі көзқарас өлшемі бойынша өмір сүретін пайымсыз емес. Тәуелсіз ел демекші, біздің негізгі ойымыз – өз алдымызға егемен ел болғанша, қандай замандардың баспалдақтарынан өткенімізді, оның ішінде оңтүстік қазақтарының таяу ғасырлардағы тарихының бір парасын айшықтап беру ғана болатын.